



**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына көрсетілетін төлем қызметтері нарығының субъектілерін реттеуді жетілдіру және қолма-қол ақшасыз төлемдер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 19 ақпандағы № 10 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 26 ақпанда № 34053 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының көрсетілетін төлем қызметтері нарығының субъектілерін реттеуді жетілдіру және қолма-қол ақшасыз төлемдер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төлем жүйелері департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды камтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Тізбенің 2024 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 11-тармағын қоспағанда, осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкінің Төрағасы

Т. Сулейменов

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының

Әділет министрлігі

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының

Еңбек және халықты

әлеуметтік қорғау министрлігі

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы

Стратегиялық жоспарлау және

реформалар агенттігінің

Ұлттық статистика бюросы

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының

Цифрлық даму, инновациялар

және аэроғарыш

өнеркәсібі министрлігі

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика

министрлігі

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының

Қаржы нарығын реттеу және

дамыту агенттігі

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкінің Төрағасы

2024 жылғы 19 ақпандағы

№ 10 Қаулыға

қосымша

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының көрсетілетін төлем қызметтері нарығының субъектілерін реттеуді жетілдіру және қолма-қол ақшасыз төлемдер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі**

1. "Қазақстан Республикасы банктерінің құжаттамалық аккредитивтерімен операциялар жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 22 қазандағы № 199 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9948 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 25) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:"**;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы банктерінің құжаттамалық аккредитивтерімен операциялар жүргізу қағидаларында:

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Бенефициардың аударым вексельдерін (тратталарын) акцептеу немесе негоциациясы аккредитив талаптарына қарай "Қазақстан Республикасындағы вексель айналысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13071 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 261 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың аударым және жай вексельдермен операциялар жүргізу қағидаларына сәйкес жүргізіледі."

2. "Қазақстан Республикасының аумағында электрондық ақша шығару, пайдалану және өтеу қағидаларын, сондай-ақ электрондық ақша эмитенттеріне және электрондық ақша жүйелеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 202 қаулысына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14298 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында электрондық ақша шығару, пайдалану және өтеу қағидаларында, сондай-ақ электрондық ақша эмитенттеріне және электрондық ақша жүйелеріне қойылатын талаптарда:

55-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"55. Бағдарламалық қамтылым мыналарды:

1) ақпараттың сенімді сақталуын, рұқсат етілмеген қолжетімділіктен қорғалуын, кез келген уақытта жабдықтың кез келген учаскесінде электр қуаты толығымен немесе ішінара ажыратылған кезде дерекқордың тұтастығын және ақпараттың электрондық архивтерде және дерекқорда толық сақталуын;

2) бағдарламалық қамтылымда іске асырылған, кем дегенде екі: басқарушы және пайдаланушы қолжетімділік деңгейін көздейтін кіріс деректеріне, функцияларға, операцияларға, есептерге көпдеңгейлі қолжетімділікті;

3) операцияларды жүргізу және тіркеу үшін қажетті, міндетті толтырылатын жолдардың енгізілетін деректері толық болуын бақылауды (функцияларды немесе операцияларды барлық жолдарды толық толтырмай орындаған кезде бағдарлама тиісті хабарлама беруді қамтамасыз етеді);

4) сұратуды сақтай отырып, осы ақпараттық жүйе үшін айқындалған өлшемшарттар мен параметрлер бойынша ақпаратты іздестіруді, сондай-ақ кез келген параметр

бойынша (осы ақпараттық жүйе үшін айқындалған) ақпаратты сұрыптауды және егер мұндай ақпарат ақпараттық жүйеде сақталуға тиіс болса, алдыңғы күндердегі ақпаратты қарау мүмкіндігін;

5) ақпаратты өңдеуді және оны күні мен уақыты бойынша сақтауды;

6) электрондық ақша жүйелерінің операторлары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ұсынатын есептердің, сондай-ақ жүргізілген операциялар туралы есептердің нысандарын автоматты түрде қалыптастыруды;

7) ішкі есепке алу жүйесінің журналдарын жүргізуді және автоматты түрде қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Бағдарламалық қамтылым журналды толығымен, сондай-ақ ішінара (көрсетілген күндер ауқымына, белгілі бір күнге) қалыптастырады;

8) есепке алу жүйелерінде сақталатын деректерді резервтеу және қалпына келтіру мүмкіндігін;

9) шығыс құжаттарын экранға, принтерге немесе файлға шығару мүмкіндігін;

10) электрондық құжаттармен алмасу мүмкіндігін;

11) мына атрибуттарды: оқиғаның басталу күні мен уақытын, оқиғаның атауын, әрекетті жасаған пайдаланушыны, жазбаның сәйкестендіргішін, оқиғаның аяқталу күні мен уақытын, оқиғаны орында нәтижесін сақтай отырып, ақпараттық жүйеде орын алған оқиғаларды тіркеуді және сәйкестендіруді;

12) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды қорғау ауқымының қауіпсіздігін қамтамасыз ету құралдарының алдын ала орнатылған есептік жазбаларының парольдерін ұсынылатын өзгертуді қамтамасыз етеді.";

59-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"59. Электрондық ақша жүйесінің операторы ақпараттың жасырындылығын, тұтастығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін ұйымдастырады, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті және қатерлерді анықтау мен талдау және шабуылдарға қарсы іс-қимыл жасау мен ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларын тергеп-тексеру жөніндегі іс-шараларды үйлестіреді және бақылайды;

2) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету процесін әдіснамалық қолдауды қамтамасыз етеді;

3) өз өкілеттіктері шеңберінде ақпараттық қауіпсіздікті басқару, қамтамасыз ету және бақылау әдістерін, құралдары мен тетіктерін таңдайды, енгізеді және қолданады;

4) ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары туралы ақпаратты жинайды, шоғырландырады, сақтайды және өңдейді;

5) ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары туралы ақпаратты талдайды;

6) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету процесін автоматтандыратын бағдарламалық-техникалық құралдарды енгізуді, тиісті жұмыс істеуін, сондай-ақ оларға қолжетімділікті ұсынуды қамтамасыз етеді;

7) артықшылық берілген есептік жазбаларды пайдалану бойынша шектеулерді айқындайды;

8) электрондық ақша жүйелері операторы қызметкерлерінің ақпараттық қауіпсіздік мәселелерінде хабардар болуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады және өткізеді;

9) электрондық ақша жүйелері операторының ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесінің жай-күйіне мониторинг жүргізеді;

10) кезең-кезеңімен (бірақ жылда бір реттен сиретпей) электрондық ақша жүйесі операторының басшылығына ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесінің жай-күйі туралы хабардар етеді;

11) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды қорғау ауқымының схемасын және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету құралдары басқарушыларының тізбесін жаңартылған күйде ұстайды;

12) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды қорғау ауқымына желіаралық экрандарды орнатады;

13) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды қорғау ауқымынан пайдаланушылардың Интернет желісінің ресурстарына қолжетімділігі қауіпсіздігін қамтамасыз етеді."

3. "Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 203 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерде мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14365 болып тіркелген) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларында:

2-қосымшада:

Төлемдер белгілеу кодтарының жан-жақты кестесінде:

"Арнайы аударымдар" 1-бөлімінде:

"Білім беруге арналған ақша аударымдары, оның ішінде: оқытуға ақы төлеу үшін қайтарымсыз қаржылық (материалдық, демеушілік) көмек, бенефициар білім беру қызметтерін жеткізуші болып табылмаған жағдайда, бенефициардың оқытуға ақы төлеуге арналған ақшаны одан әрі пайдалануы үшін жеке тұлғалардың ақша аударымдары (оның ішінде банк шотын ашпай)" деген 112 төлемді белгілеу кодынан кейін мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 113, 114, 115, 116 және 117-жолдармен толықтырылсын:

"

113	"Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамының нысаналы жинақтарды төлеуі
-----	---

114	Нысаналы жинақтардың бұрын төленген сомасын " Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамына қайтару
115	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан түсімдер сомасын "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамына аудару
116	Ерікті зейнетақы жарналарын есепке алу үшін нысаналы жинақтарды жеке зейнетақы шоттарына аудару
117	"Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамының нысаналы жинақтар сомасын Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына қайтаруы.

"

4. "Төлем карточкаларын шығару қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында оларды пайдалана отырып жүргізілген операцияларға қызмет көрсету бойынша қызметке қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 205 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерде мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14299 болып тіркелген) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 28) тармақшасына, "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 11) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**";

көрсетілген қаулымен бекітілген Төлем карточкаларын шығару қағидалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында оларды пайдалана отырып жүргізілген операцияларға қызмет көрсету бойынша қызметке қойылатын талаптар:

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Эмитент қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында төлем карточкасын бергенге дейін шетелдікті және азаматтығы жоқ адамды тиісті түрде тексереді, олар ұсынатын құжаттарға қойылатын талаптарды белгілейді, төлем карточкаларын шығару және пайдалану шарттарын айқындайды.";

мынадай мазмұндағы 14-1 және 14-2 тармақтармен толықтырылсын:

"14-1. Кәмелетке толмаған балаға төлем карточкасын беру кезінде эмитент кәмелетке толмаған баланың заңды өкілінен эмитент айқындаған нысан мен тәсілдер бойынша төлем карточкасы бойынша қолжетімді операциялар түрлері, операциялардың ең жоғары сомасы, төлем карточкасын үшінші тұлғалардың толықтыру мүмкіндігі туралы ақпарат пен рұқсаттарды, эмитент айқындаған өзге де ақпаратты және (немесе) рұқсаттарды алады.

Кәмелетке толмаған баланың төлем карточкасы заңды өкіл және (немесе) эмитент белгілеген талаптар мен шектеулер шегінде пайдалану үшін оған қолжетімді.

Кәмелетке толмаған баланың заңды өкілі оған шығарылған төлем карточкасына шектеулер белгілеуден бас тартқан кезде эмитент бұл бас тартуды айқындаған тәртіппен тіркейді.

14-2. Қағидалардың 14-1-тармағының талаптары он төрт жасқа толған, кәмелетке толмаған балаға жалақыны, стипендияны, салымдарды және өзге де кірісті алу үшін шығарылған төлем карточкаларына, сондай-ақ кәмелетке толмаған бала толық көлемде әрекетке қабілеттілікті алған кезде қолданылмайды."

5. "Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 208 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14419 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларында:

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Банктің талабы бойынша ақша жөнелтуші Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы заңның 23-бабында, Валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларында, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33512 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 29 қыркүйектегі № 78 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 1054 бірлескен қаулысымен және бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларында (бұдан әрі – Экспорттық-импорттық валюталық бақылау қағидалары) көзделген құжаттар мен мәліметтерді ұсынады.";

35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"35. Міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің (бұдан әрі – Әлеуметтік кодекс) 248-бабына сәйкес міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын банкке қолма-қол ақшамен салуға құқығы бар адамдардың банктік шотты ашпай немесе пайдаланбай төлем хабарламасы негізінде жүзеге асырылады.";

36-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Банк шотын ашпай қолма-қол ақшасыз төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру бюджетке төлемдерді төлеуге арналған түбіртектер, кіріс касса ордерлері, хабарлама-шоттар, түбіртек-хабарламалар, міндетті зейнетақы

жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аударуға арналған түбіртек-хабарламалар, әлеуметтік аударымдарды Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, аударымдарды және (немесе) жарналарды әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына, бірыңғай төлемді "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі – "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ) төлеуге арналған түбіртек-хабарламалар және қолма-қол ақшаны қабылдау үшін пайдаланылатын басқа құжаттар негізінде жүргізіледі. Бұл құжаттар төлем хабарламалары болып табылады. Қағаз тасымалдағышта ұсынылған төлем хабарламаларына түзетулер жасауға рұқсат етілмейді.";

39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"39. Әлеуметтік аударымдарды Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, аударымдарды және (немесе) жарналарды әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына, бірыңғай төлемді "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ-қа банк шотын ашпай немесе пайдаланбай төлеу үшін төлем хабарламасы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады.";

40-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы тармақтың ережелері коммуналдық қызметтер үшін ақы төлеуге, жеке тұлғалардың, дара кәсіпкерлердің және заңды тұлғалардың бюджетке төлемдерді төлеуге арналған түбіртек-хабарламаларына, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аударуға және әлеуметтік аударымдарды Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, аударымдарды және (немесе) жарналарды әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына, бірыңғай төлемді "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ-қа төлеуге арналған түбіртек-хабарламаларына қолданылмайды.";

76-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"76. Салық кодексінің 122 және 123-баптарында, Кеден кодексінің 129 және 130-баптарында, Әлеуметтік кодекстің 256-бабында, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Банктер және банк қызметі туралы заң) 36-бабында, "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Атқарушылық іс жүргізу туралы заң) 58-бабында, "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабында, Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңда және (немесе) банктік шот шартында көзделген жағдайларда банк ақша жөнелтушінің банктік шотынан ақшаны есептен шығаруды банк орындау үшін қабылдаған төлем құжаты не ақша жөнелтушінің келісімінсіз орындалатын төлем құжаты негізінде жүргізеді.";

80-тармақта:



4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) салықтар мен бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдерді, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдарды және (немесе) жарналарды төлеуге, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, бірыңғай төлемін аударуға арналған төлем құжатында көрсетілген ақша жөнелтушінің ЖСН (БСН) мемлекеттік кірістер органы ұсынатын деректермен сәйкес келмеген;"

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) салықтар мен бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдерді, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдарды және (немесе) жарналарды төлеуге, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, бірыңғай төлемін аударуға арналған төлем құжатында көрсетілген атауына бенефициар ЖСН (БСН) деректемелері сәйкес келмеген;"

81-тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) есептелетін ақша сомасы көрсетілген талаптармен байланысты болмаған жағдайда, клиент-жеке тұлғаның талабы бойынша мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақыларды, әлеуметтік төлемдерді, тұрғын үй төлемдерін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдерін, нотариус депозиті талабымен енгізілген ақшаны есептеу үшін ашылған, сондай-ақ Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы заңның 7-бабына сәйкес жасалған білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша ашылған ағымдағы шотқа ақшаны, тұрғын үй төлемдерін пайдалану есебінен жинақталған тұрғын үй құрылыс жинақтары түріндегі тұрғын үй құрылыс жинақ банкіріндегі банк шотына ақшаны, жеке сот орындаушысының өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған соманы сақтауға арналған ағымдағы шотына ақшаны, инвестициялық портфельді басқарушының орындалмаған міндеттемелері бойынша осы инвестициялық портфельді басқарушы клиенттерінің ақшасын есепке алуға арналған банк шотына ақшаны, номиналды ұстаушының функцияларын жүзеге асыратын тұлғаның орындалмаған міндеттемелері бойынша номиналды ұстаушының функциясын жүзеге асыратын осы тұлға клиенттерінің ақшасын есепке алуға арналған банк шотына ақшаны, қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметін жүзеге асыруға арналған банк шотына ақшаны, әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік сатып алуға қатысу шеңберінде қамтамасыз ету шаралары ретінде ақша енгізуіне арналған мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың банк шотына ақшаны, жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үйге ақы төлеу

мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке жатқызуға арналған тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі банк шотына ақшаны, қаржы басқарушысының міндеттемелері бойынша борышкердің ақшасын есепке жатқызу, ағымдағы шығыстарды өтеу және сот арқылы банкроттық рәсімінде кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін ашылған қаржы басқарушысының ағымдағы шотына ақшаны есептеген;"

95-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"95. Банк Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 46 және 48-баптарында, Қағидаларда белгіленген мерзімде, Қағидалардың 80-тармағында көзделген негіздер бойынша, сондай-ақ мына:

1) егер ақша жөнелтуші мен банк арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, ақша жөнелтуші қолма-қол ақшасыз төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыруға қажетті ақша сомасын қамтамасыз етпеген;

2) КЖТҚҚ туралы заңда немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген не Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерімен жасалған шарттарда көзделген;

3) клиенттің банктік шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың шешімдері және (немесе) өкімдері (клиенттің Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 27-бабының 12-тармағында көзделген банктік шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы салықтардың және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органның өкімінде көрсетілген салық берешегінің сомасын өтеу жағдайын қоспағанда), мүлікке билік етуге уақытша шектеу қою, клиенттің банктік шотындағы ақшаға тыйым салу туралы ақшамен қамтамасыз етілмеген актілер, сондай-ақ Азаматтық кодекстің 742-бабына сәйкес орындалуы тиіс нұсқаулар болған;

4) төлем тапсырмасында көрсетілген төлем валютасы банк шотының валютасына сәйкес келмеген жағдайларда, төлем тапсырмасын орындаудан бас тартады.

Ақша жөнелтушінің төлем тапсырмасының орындалуы туралы немесе бенефициардың қызмет көрсетуші банк белгілеген, төлем жасалған күніндегі валюта айырбастаудың нарықтық бағамын қолдана отырып, төлем тапсырмасында көрсетілген төлем сомасын конвертациялауды жүзеге асыру арқылы төлем сомасын банк шотының валютасында есепке алу туралы растауы болған кезде төлем валютасы банк шотының валютасына сәйкес келмейтін төлем тапсырмасын орындауға рұқсат етіледі. Растауды ұсыну тәртібі клиент пен банк арасындағы шартта көзделеді. Клиенттің аталған растауы онымен және банк арасындағы шартта көзделген конвертацияны жүзеге асыруға клиенттің келісімі болған жағдайда талап етілмейді, онда конвертацияны жүзеге асырғаны үшін комиссияларды алу мөлшері мен тәртібі де айқындалады.

Төлем валютасы банк шотының валютасына сәйкес келмейтін төлем тапсырмасын орындау кезінде оған Валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларының талаптары қолданылады.";

107-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"107. Банк төлем хабарламасын орындауға қабылдаған кезде бенефициардың пайдасына ақша аударымын жүзеге асыру міндеттемесін қабылдайды. Бюджетке төлемдерді төлеуге, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдарды және (немесе) жарналарды, бірыңғай төлемді төлеуге енгізілген қолма-қол ақшаны банк бенефициарға олар банкке салынған күннен бастап келесі операциялық күннен кешіктірмей аударуға тиіс.";

134-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"134. Егер клиентке банк шоты мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақыларды, әлеуметтік төлемдерді, тұрғын үй төлемдерін, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдерін, алименттерді (кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды күтіп-бағуға арналған ақшаны), Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы және концессиялар туралы заңнамасына сәйкес инвестициялық шығындар өтемақыларын, нотариус депозиті талабымен немесе "эскроу" режимінде банк шотына енгізілген ақшаны, сондай-ақ Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы заңның 7-бабына сәйкес жасалған білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша ақшаны, тұрғын үй төлемдерін пайдалану есебінен жинақталған тұрғын үй құрылыс жинақтары түрінде тұрғын үй құрылыс жинақ банктерінде банк шотына ақшаны, жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үй үшін ақы төлеу мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке жатқызуға арналған тұрғын үй құрылыс жинақ банкіндегі банк шотына ақшаны, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған жинақ түріндегі ақшаны есепке алу үшін, жеке сот орындаушысына өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған соманы сақтау үшін, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай операторға әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік сатып алуға қатысу шеңберінде қамтамасыз ету шаралары ретінде ақша енгізуі үшін, қаржы басқарушысына борышкердің ақшасын есепке жатқызу, ағымдағы шығыстарды өтеу және сот арқылы банкроттық рәсімінде кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін ашылса, бұл жөніндегі мәліметтер клиенттің банк шоттарының болуы және нөмірлері туралы анықтамаларда да көрсетіледі.";

161-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"161. Банктің Қағидалардың 154-тармағында көзделген төлем құжаттарын сақтауы Салық кодексінің 24-бабына, Әлеуметтік кодекстің 246 және 248-баптарына сәйкес жүргізілетін азаматтық-құқықтық мәміле бойынша ақы төлеу талаптарына сәйкес төлем бойынша міндеттемелерді орындау болып табылмайды."

6. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдары, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында корреспонденттік қатынастар орнату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 209 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14336 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдары, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында корреспонденттік қатынастар орнату қағидаларында:

48-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"48. Банкті банк операцияларын жүргізуге лицензиясынан айырған кезде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9711 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 16 шілдедегі № 147 қаулысымен бекітілген Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының уақытша әкімшілігін (уақытша басқарушысын) тағайындау және олардың өкілеттіктері қағидаларында (бұдан әрі – № 147 қағидалар) көзделген, Ұлттық Банк арқылы және банкке келіп түскен ақшаны есепке алумен жүзеге асырылатын шығыстарға байланысты жағдайларды қоспағанда, банктің корреспонденттік шоты бойынша төлем жүйелері арқылы жүзеге асырылатын шығыс операциялары тоқтатылады. Картотекаға орналастырылған, оның ішінде ішінара орындалған төлем құжаттарын орындау тоқтатыла тұрады."

7. "Банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері, банктерінің филиалдары және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында корреспонденттік қатынастар орнату, сондай-ақ банктердің "Астана" халықаралық қаржы орталығына қатысушы банктермен корреспонденттік қатынастар орнату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 210 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14335 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері, банктерінің филиалдары және банк операцияларының жекелеген

түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында корреспонденттік қатынастар орнату, сондай-ақ банктердің "Астана" халықаралық қаржы орталығына қатысушы банктермен корреспонденттік қатынастар орнату қағидаларында:

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Банктер арасында, банктер мен банктік емес ұйымдар арасында, сондай-ақ банктер мен АХҚО-ға қатысушы банктер арасында корреспонденттік қатынастарды орнату тәртібі банктердің, банктік емес ұйымдардың және АХҚО-ға қатысушы банктердің ұлттық және шетел валюталарында корреспонденттік шоттарын ашуды, жүргізуді және жабуды, банктердің және банктік емес ұйымдардың ұлттық валютадағы корреспонденттік шоттары бойынша төлемдер және (немесе) ақша аударымдары лимитін есептеуді қамтиды.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Респондент корреспонденттік шотты, оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінде корреспонденттік шотты ашқан күннен бастап он жұмыс күні ішінде Ұлттық Банкке Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша корреспонденттік шоттың ашылғаны туралы мәліметтерді Ұлттық Банкке ұсынады.";

9-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9-1. АХҚО-ға қатысушы банктің ұлттық валютадағы корреспонденттік шоты бойынша операциялардың мынадай түрлері:

1) АХҚО-ға қатысушы банктің өз операциялары бойынша ақша қабылдау және аудару;

2) АХҚО-ға қатысушы банк клиенттерінің салықтар мен бюджетке төленетін міндетті төлемдерді төлеу жөніндегі нұсқауларын орындау, сондай-ақ АХҚО банкінің клиенттің банктік шотына ұсынылған инкассалық өкімдерді (салық органдары мен сот орындаушыларының) орындауы;

3) АХҚО және "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – ҚҚБ) биржасында бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша брокерлік комиссияларды, листингтік және өзге де биржалық алымдарды төлеу;

4) АХҚО және ҚҚБ биржасында бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша есеп айырысулар мен төлемдер;

5) ұлттық валютадағы қаржы құралдары бойынша, оның ішінде АХҚО-ға қатысушы банктердің номиналды ұстауындағы және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріне кастодиандық қызмет көрсетуге берілген бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша есеп айырысулар мен төлемдер;

6) АХҚО-ға қатысушы банк көрсеткен консультациялық қызметтерге ақы төлеу жүзеге асырылады.";

мынадай мазмұндағы 9-2-тармақпен толықтырылсын:

"9-2. АХҚО-ға қатысушы банктің шетел валютасындағы корреспонденттік шоты бойынша операциялардың мынадай түрлері:

1) Қазақстан Республикасының резидент-заңды тұлғаларын және бейрезиденттерін шетел валютасымен кредиттеуге байланысты төлемдер және (немесе) ақша аударымдары;

2) Қазақстан Республикасының резидент-заңды тұлғаларының және бейрезиденттерінің инвестициялық банкингпен байланысты шетел валютасындағы төлемдері және (немесе) ақша аударымдары;

3) АХҚО аумағында қаржылық және кәсіптік қызмет көрсетумен байланысты валюталық операцияларды жүргізудің шарттары мен тәртібін белгілейтін АХҚО-ның актісінде көзделген шарттарды ескере отырып, сақтандыру, инвестициялық, брокерлік, дилерлік, кастодиандық, траст қызметтерін төлеу бойынша заңды тұлғалардың төлемдері және (немесе) ақша аударымдары;

4) қолма-қол ақшасыз шетел валютасын басқа қолма-қол ақшасыз шетел валютасына сатып алу немесе сату жүзеге асырылады.

АХҚО-ға қатысушы ислам банкінің шетел валютасындағы корреспонденттік шоты бойынша АХҚО аумағында қаржылық және кәсіптік қызмет көрсетумен байланысты валюталық операцияларды жүргізудің шарттары мен тәртібін белгілейтін АХҚО-ның актісінде көзделген шарттарды ескере отырып, АХҚО-ға қатысушы ислам банкінің, сондай-ақ оның клиенттерінің исламдық қаржыландыруды ұсынуға байланысты төлемдері және (немесе) ақша аударымдары жүзеге асырылады.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Респондент корреспонденттік шот, оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінде корреспонденттік шот жабылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде корреспонденттік шоттың жабылған күнін көрсете отырып, Ұлттық Банкке еркін нысандағы жазбаша хатты жібереді."

8. "Көрсетілетін төлем қызметтері туралы мәліметтер беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 213 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14339 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Көрсетілетін төлем қызметтері туралы мәліметтер беру қағидаларында:

10 және 11-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес әкімшілік деректерді жинауға арналған "Төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер" нысанын есепті айдан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей, ай сайын мына тұлғалар ұсынады:

1) банктер;

2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

11. Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес әкімшілік деректерді жинауға арналған "Өңірлер бөлігінде төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған операциялардың

саны мен көлемі туралы мәліметтер" нысанын есепті айдан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей, ай сайын мына тұлғалар:

1) банктер;

2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар ұсынады.";

1-қосымшада:

әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанның титул парағы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының көрсетілетін төлем қызметтері нарығы субъектілерін және қолма-қол ақшасыз төлемдерді реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымшада:

әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанның титул парағы Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

4-қосымшада:

әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанның титул парағы Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

5-қосымшада:

әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанның титул парағы Тізбеге 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

8-қосымшада:

әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанның титул парағы Тізбеге 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

9-қосымшада:

әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанның титул парағы Тізбеге 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

10-қосымшада:

әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанның титул парағы Тізбеге 7-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

11-қосымшада:

әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанның титул парағы Тізбеге 8-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

12-қосымшада:

әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанның титул парағы Тізбеге 9-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

13-қосымша Тізбеге 10-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

9. "Төлем ұйымдарының қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 215 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14347 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Төлем ұйымдарының қызметін ұйымдастыру қағидаларында:

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Ұлттық Банкте есептік тіркеуден өту үшін төлем ұйымы Ұлттық Банкке Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төлем ұйымының атқарушы органының басшысы (мүшелері) туралы мәліметтер қамтылатын өтінішті (төлем ұйымының атқарушы органы басшысының (мүшесінің) дипломының (дипломдарының) және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмелері қоса беріледі) "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы ұсынады.";

23-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23-1. Төлем ұйымын ерікті түрде қайта ұйымдастыруды жүргізуге келісім беру төлем ұйымы Ұлттық Банкке "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы ерікті түрде қайта ұйымдастыру туралы шешімді берген кезде жүзеге асырылады.";

34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"34. Бағдарламалық қамтылым мыналарды:

1) жабдықтың кез келген учаскесінде кез келген уақытта электр қуаты толығымен немесе ішінара ажыратылған кезде ақпаратты сенімді сақтауды, рұқсат етілмеген қолжеткізуден қорғауды, дерекқордың тұтастығын және электрондық архивтер мен дерекқорлардағы ақпараттың толық сақталуын;

2) қолжеткізудің кемінде екі: басқарушы және пайдаланушы деңгейі көзделетін бағдарламалық қамтылымда іске асырылған кіріс деректеріне, функцияларға, операцияларға, есептерге көп деңгейлі қолжетімділікті;

3) операцияларды жүргізу және тіркеу үшін қажетті, толтырылуы міндетті жолдардың енгізілетін деректерінің толықтығын бақылауды (функцияларды немесе операцияларды барлық жолдарды толық толтырмай орындаған кезде бағдарлама тиісті хабарлама беруді қамтамасыз етеді);

4) сұратуды сақтай отырып, осы ақпараттық жүйе үшін айқындалған өлшемшарттар мен параметрлер бойынша ақпаратты іздеуді, сондай-ақ ақпаратты кез келген параметр (осы ақпараттық жүйе үшін айқындалған) бойынша сұрыптауды және егер мұндай ақпарат ақпараттық жүйеде сақталуға тиіс болса, алдыңғы күндердегі ақпаратты қарап шығу мүмкіндігін;

5) ақпаратты өңдеуді және оны күні мен уақыты бойынша сақтауды;

6) төлем ұйымдары Ұлттық Банкке ұсынатын есептердің, сондай-ақ жүргізілген операциялар туралы есептердің нысандарын автоматты түрде қалыптастыруды;

7) ішкі есепке алу жүйесінің журналдарын жүргізуді және автоматтандырылған қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Бағдарламалық қамтылым журналды толығымен, сондай-ақ ішінара (көрсетілген күндер ауқымына, белгілі бір күнге) қалыптастырады;



8) есепке алу жүйелерінде сақталатын деректерді резервтеу және қалпына келтіру мүмкіндігін;

9) шығыс құжаттарды экранға, принтерге немесе файлға шығару мүмкіндігін;

10) электрондық құжаттармен алмасу мүмкіндігін;

11) мынадай атрибуттарды: оқиғаның басталған күні мен уақытын, оқиғаның атауын, іс-әрекетті жүргізген пайдаланушыны, жазбаның сәйкестендіргішін, оқиғаның аяқталған күні мен уақытын, оқиғаның орындалу нәтижесін сақтай отырып, ақпараттық жүйеде болып жатқан оқиғаларды тіркеуді және сәйкестендіруді;

12) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды қорғау периметрінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету құралдарының алдын ала орнатылған есептік жазбаларының парольдерін өзгертуді қамтамасыз етеді.";

38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Төлем ұйымы ақпаратының жасырындылығын, тұтастығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында төлем ұйымы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін ұйымдастырады, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті және қатерлерді анықтау мен талдау, шабуылдарға қарсы іс-қимыл жасау және ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларын тергеп-тексеру жөніндегі іс-шараларды үйлестіреді және бақылайды;

2) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету процесін әдіснамалық қолдауды қамтамасыз етеді;

3) өз өкілеттіктері шеңберінде ақпараттық қауіпсіздікті басқару, қамтамасыз ету және бақылау әдістерін, құралдары мен тетіктерін таңдайды, енгізеді және қолданады;

4) ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары туралы ақпаратты жинайды, шоғырландырады, сақтайды және өңдейді;

5) ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары туралы ақпаратты талдайды;

6) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету процесін автоматтандыратын бағдарламалық-техникалық құралдарды ендіруді, тиісінше жұмыс істеуін, сондай-ақ оларға қолжеткізуді қамтамасыз етеді;

7) артықшылықты есептік жазбаларды пайдалану бойынша шектеулерді айқындайды;

8) төлем ұйымы қызметкерлерінің ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша хабардар болуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады және өткізеді;

9) төлем ұйымының ақпараттық қауіпсіздігін басқару жүйесінің жай-күйіне мониторингті жүзеге асырады;

10) мерзімді түрде (бірақ жылына бір реттен сиретпей) төлем ұйымының басшылығына төлем ұйымының ақпараттық қауіпсіздігін басқару жүйесінің жай-күйі туралы хабарлайды;

11) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды қорғау периметрінің схемасын және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету құралдарын басқарушылар тізбесін жаңартылған күйде ұстайды;

12) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды қорғау периметріне желіаралық экрандарды орнатады;

13) пайдаланушылардың ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды қорғау ауқымынан Интернет желісінің ресурстарына кіру қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.";

2-қосымша Тізбеге 11-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

5-қосымша Тізбеге 12-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

10. "Көрсетілетін төлем қызметтерін маңызды берушілердің тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 220 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14295 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 52-6) тармақшасына, "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 21) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Көрсетілетін төлем қызметтерін маңызды берушілердің тізілімін жүргізу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Көрсетілетін төлем қызметтерін маңызды берушілердің тізілімін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 52-6) тармақшасына, "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Төлемдер және төлем жүйелері туралы заң) 4-бабы 1-тармағының 21) тармақшасына сәйкес әзірленді және көрсетілетін төлем қызметтерін маңызды берушілердің тізілімін жүргізу тәртібін айқындайды.";

2-қосымша Тізбеге 13-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

11. "Төлем ұйымы жарғылық капиталының ең төменгі мөлшерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 27 қазандағы № 129 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21584 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

